

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру үйімі (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың күрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	24.07. - 28.07.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызынын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

	(сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) (енбек дағдылары)	Аквариумдағы балықтарды коректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. (енбек дағдылары)	Құрылыш материалдарын контейнерлерге жинап, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды құралдарды жинауда үнемшилдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты сонына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. (енбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (құнға жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап қую, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. (енбек дағдылары)	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттер: балаларға оыйншықтарды сөрелерге белгілі тәртіpte қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылышты қолдау; оыйншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (енбек дағдылары)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс- тәжірибеде көруге машықтандыру. (енбек дағдылары)
"Топ-топ басайық" ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде	"Гүл дүкені" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер:	"Жел көбік" қымылды ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды шенберге	"Ою саламыз" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	

	<p>айтылған сөздерге сәйкес қымылдарды орындауға үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық, (Шенберге тұру)</p> <p>Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру)</p> <p>Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру)</p> <p>Жаса, жаса, алтын күн!</p> <p>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!". Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталаңады.</p> <p>(dene шынықтыру)</p> <p>"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: үқсас жұп заттарды,</p>	<p>гүлдерді (түймедақ, бақбақ, қоңыраугүл) және түстерді ажыратса білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктердің түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүлшоқтарын жасауға үйрету.</p> <p>Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалары тұрады.</p> <p>Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдалап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні</p>	<p>тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қымылдарды жасауға үйрету.</p> <p>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады.</p> <p>Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.</p> <p>Көпіре гөр көбік-шар,</p> <p>Көпіре гөр кеңіп шар.</p> <p>Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып.</p> <p>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шенберді кеңейте түседі.</p> <p>Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды"</p> <p>деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс</p>	<p>қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілеттін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)</p> <p>Оюды саламыз:</p> <p>Бұлак, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)</p> <p>Дөңгелек, (Шенбер салу)</p> <p>Ирек, (Толқындар жасау)</p> <p>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)</p> <p>Гүлдер,</p> <p>(Алақандарды жайып, тігінен көрсету)</p> <p>Көбелек. (Қос қолды</p>	<p>артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты.</p> <p>Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Топ-топ басайық" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қымылдарды орындауға үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық, (Шенберге тұру)</p> <p>Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Барысы.</p> <p>Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді.</p> <p>Содан кейін екінші зат не суретке көніл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айтуды.</p> <p>(тәнімдүк дағдылар)</p>	<p>бойынша сәйкес келетін гүлді табады.</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>"Қонжық орманда жүреді" қымыл жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қымыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.</p> <p>Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймандайды, теңселеді. (Маймандау, қонжық жүрісіне еліктеу)</p> <p>Маймандайды,</p>	<p>етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>"Зат неге ұқсайды?" ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.</p> <p>Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың суреттерін карточкалары.</p> <p>(тәнімдүк</p>	<p>айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Тұстерін тап" үстел үсті ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тұстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.</p> <p>Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою.</p> <p>Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді тандауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б.</p> <p>Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті</p>	<p>көтеру)</p> <p>Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып журу)</p> <p>Жаса, жаса, алтын күн!</p> <p>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!».</p> <p>Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>теңсөледі, Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау)</p> <p>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгүлі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймандайды. (Маймандал жүрү) Д. Ахметова (дene шынықтыру)</p>	<p>дағдылар, математика негіздері)</p>	<p>суреттерді тандалап, тапсырманы қызыннатуға болады. (тәнімдыш дағдылар)</p>	
Таңертенгі жаттығу	<p>"Қуыршақпен ойнаймыз".</p> <p>Б.қ. тік түру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде.</p> <p>1-2 қуыршақты алға ұстай, жоғары көтеру. (Зрет)</p>			

	<p>3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда, 1-2 денені оңға, солға бұры, б.қ. келу. Б.қ. қуыршакты кеудеде ұстай, 1-4 алға енкею - "Қуыршактар билейді", 5-6 б.қ. келу (Зрет) Б.қ. 1-2- отырып қуыршакты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу. (2 реттен) (дene шынықтыру)</p>									
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстай, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>									
Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<table border="1"> <tr> <td>Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көнілді ойын.</td><td>"Лото" үстел үсті ойыны.</td><td>"Кішкене өзен арқылы" ойыны.</td><td>"Өрмекші" саусақ жаттығуы.</td><td>"Не өзгерді?" ойыны.</td></tr> <tr> <td>Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту</td><td>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға,</td><td>Мақсат-міндеттер: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға дағдыландыру; есте</td><td>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікти бағдарлай алуға үйрету, есте</td></tr> </table>	Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көнілді ойын.	"Лото" үстел үсті ойыны.	"Кішкене өзен арқылы" ойыны.	"Өрмекші" саусақ жаттығуы.	"Не өзгерді?" ойыны.	Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту	Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға,	Мақсат-міндеттер: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға дағдыландыру; есте	Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікти бағдарлай алуға үйрету, есте
Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көнілді ойын.	"Лото" үстел үсті ойыны.	"Кішкене өзен арқылы" ойыны.	"Өрмекші" саусақ жаттығуы.	"Не өзгерді?" ойыны.						
Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту	Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға,	Мақсат-міндеттер: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға дағдыландыру; есте	Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікти бағдарлай алуға үйрету, есте							

	<p>аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.</p> <p>"Шапалақты тыңда" топтық ойыны.</p> <p>Мақсаты: шенбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.</p> <p>Балалар шенбермен жүреді. Жүргізуши алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.</p> <p>- Балалар, қанша дыбыс естідіңдер? (музыка)</p>	<p>және олардың өсір-өнетін орындарын дұрыс атату.</p> <p>Ойын шарты: көкөністерді – бақшага, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру.</p> <p>Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген көлімдер і 8×8 см карточкалар (танымдық дағдылар)</p>	<p>ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу. Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3 м, ені 25-30 см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады.</p> <p>Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді:</p> <p>балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.</p>	<p>сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Күні бойы еңбекпен (Оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды; сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы),</p> <p>Балалардың сыртқылдатады), Несер тек кенет селдеткен (Оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі), Еңбегін оның жоқ қылды (Барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші</p>	<p>сақтауды, қиялды дамыту.</p> <p>Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар жиынтығы.</p> <p>Ойын барысы.</p> <p>Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды.</p> <p>Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды.</p> <p>Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып таставы. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсындар деп?».</p> <p>Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді.</p>
--	---	---	---	--	--

				қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (Екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе онға, біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төңірек (Барлық саусақтардың үштариң түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қоршаған ортамен тәнистырудан оыйн-жаттығу «Гүл шалғынға саяхат» Мақсат-міндеттер: Гүлдерді жалпы және айрықша белгілерді	Дене шынықтырудан оыйн-жаттығу "Хош иісті гүлдер" Мақсат-міндеттер: Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын	Көркем әдебиеттен оыйн-жаттығу А. Байғабылова "Ойыншықтар" (жатқа айту) Мақсат-міндеттер: Балалардың оыйншықтар туралы	Сурет салудан оыйн-жаттығу "Әдемі гүлдер ашылды" Мақсат-міндеттер: Балаларды дәстүрден тыс - умаждалған қағазды бастыру	Музықадан ойын- жаттығу "Қоңыраулар үні" Мақсат-міндеттер: Балалардың музика жетекшімен бірге көнілді әндер айту қабілетін дамыту;

	<p>көрсете отырып салыстыру; гүлдерге тән ерекшеліктерін анықтау; тәрбиешінің көмегімен тірек сызба бойынша шағын әңгіме құрастыру; балалардың сөйлеу, ойлау, зейіндерін дамыту; өсімдіктерге, гүлдерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p>қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанага көздел лақтыруға үйрету; дene шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>түсініктерін жалғастыру; өлеңнің мазмұнын түсініп, мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тілін, сөздік корыларын дамыту; оыйнышықтарымен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p>техникасы арқылы сурет салумен таныстыруды жалғастыру; композиция құрастыра білуді үйрету; ұсақ қол моторикасын жетілдіру; жаңа сурет салу тәсіліне қызығушылықтарын ояту; шығармашылық ойлауларын, қиялдарын, қабылдауларын дамыту. Тазалықта, ұқыптылықта тәрбиелеу.</p>	<p>кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұластығын дамыту.</p>
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкаfyн таңбалалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бақта өсетін ағаштардың гүлденеуін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Бұталарды бақылау (жұпарғұл, итмұрын, қара жемісті шетен,	Шетен ағашын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру,	Терек бүршігін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру,

	таныстыру, сөйлеуді дамыту) Ағаштарды түсіне қарай қаруа, жәндіктердің үймелегеүн белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу.	Бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйеледе және бекіту. Гүлдің құрамы неден тұратынын түсіндіру: Сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденеуі; гүлдер қалай көбейеді. Жаз басында гүлдер сары болады, содан соң ақ, жаздың аяғында ақшыл көк, қызыл болады; тәңертең гүл култесінің	мойыл). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Көркем сөз Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында оинаймыз, Шаттық әнге саламыз.	сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: шетен ағашымен таныстыру (құрылымын, гүлденеуін бақылау). Бақылау барысы: Бақ ішінде шетен, Бар жемісі бөтен. Көрген адам танданар, Көздің алар жауын. - Балалар, бұл шетен агашы.	сөйлеуді дамыту) Табиғаттың ең жақсы құбылыстарын бақылаудың бірі – терек бүршігінің пайда болуы. Терек бүршігінің пайда болуы жаздың басталуын білдіреді. Ағаш түқымы – терек деген пікірді қалыптастыру; толықсыған кезде желмен, сумен шайылады,
	Мақал-мәтел Төлден мал өседі Шыбықтан тал өседі Болжам. Мойыл ерте гүлдесе, аяу райының сүйкітығына. Шетен кеш гүлдесе, күз ұзак болады.	ашылып, кешке жабылатындығын айту. Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек	Бақылау: Аулада өсетін бұталарды тани білу, яғни 2-3 түрлі: жапырағына, діңіне қарап, бұталарды ажырату, ерекшеліктерін айта білу (бұталардың бойы төмен, діні жіңішке), атауларын;	Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтар мен Бақылау: Аулада өсетін бұталарды тани білу, яғни 2-3 түрлі: жапырағына, діңіне қарап, бұталарды ажырату, ерекшеліктерін айта білу (бұталардың бойы төмен, діні жіңішке), атауларын;	жануарлардың терілеріне жабысып басқа жерде өскендіктен бүршік – түқым деген білімді жетілдіру. Терек бүршігі пайда болған кездегі өзін далада қалай ұстаудың ережелерімен таныстыру.
	"Секіргіш бақалар" қимыл-қозғалыс ойыны. Керілген сымнан	болса, сонша жинау. Тақпак: «Көктем келді гүл алып»	өсетін орнын (орман, жазық дала, бақ).	"Қаздар мен тұлқі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)	Мақал-мәтел: Бір тал кессен, он тал

	секіре білуді жалғастыру. (Тәрбиеші жіптің бір үшін ұстап, жерге айналдыра дәңгелетеді, ал шенберде тұрған балалар секіру керек). Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. Еңбек іс-әрекеті: бақшадағы топырақты қосыту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: берілген тапсырманы мүқият тындалап, істі аяғына дейін жеткізуге баулу, қындық түа қалған жағдайда көмекке келуге тәрбиелеу.	Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты тереік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген. Гүлді көріп сүйінген. "Аю және ара" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсаты: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білуге дағдыландыру; белгіні естіп тапсырманы жылдам орынданай білуге, шыдамдылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.	"Тығылмақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Балаларды аулада тығылмақ ойнауға, шыдамдылықты дамытуға үйрету. Ойын ережелерін бұзбай, өз бетінше ойнату. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшандыққа, зеректікке баулу.	Мақсаты: балаларды қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету. Балалардың көніл күйінің көтерінкі болуын қадағалау. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарн арттыру. Қаздар алаңның бір жағында жүреді. Ал алаңның екінші жағында балалар орындықта тұрады. Аланға қарама қарсы жакта тұлқінің үйі орналасқан. Қаздар жайылып қанаттарын қағып жүреді, тәрбиешінің белгісімен тұлқі келді деген кезде қаздар ұша жөнеледі, үйлеріне барып қонады. Тұлқі	ек. Жаңылтпаш: Кеспе өссін тал, Өссе өсімтал, Өссе өссін тал "Коңызды (көбелекті) гүлге қондыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлемінеген қызығушылығын арттыру; түстерді ажыратып білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машиқтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинарлар). Педагог алдын-ала
--	---	--	---	---	--

	<p>Мақсаты: ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып,</p> <p>құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.</p> <p>Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, беліктерін: діңі, жапырағы, жемісі мен дәні болатынын еске сақтау. Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p>	<p>балалар орманға бұлдірген теруге барады.</p> <p>Қымылдармен көрсетіп, мынадай сөздерді айтады:</p> <p>Орманында аюдың, Бұлдіргені көп екен, (екі қолды жайып көрсетеді)</p> <p>Теріп-теріп алайық, (тереді)</p> <p>Қалтамызға салайық! (салады)</p> <p>Аю шықты апаннан (шығады)</p> <p>Бол тезірек қашайық ! (балалар қашады)</p> <p>Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды.</p> <p>Осылай ойын 2-3 ойнатылады.</p> <p>Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бұлдірген нақпішіндері</p>	<p>балалар тобы жеңіске жетеді.</p> <p>Құралдары: спорттық құралдарды жинауга арналған себеп, балаларға доптар.</p> <p>Еңбек әрекеті: ауладағы жұмыс.</p> <p>Мақсаты: балаларды өз бетінше талдарды суаруға үйрету; есімдікке деген қамқорлыққа тәрбиелеу, үлкендерге көмек беру.</p> <p>Балалардың еркін ойыны: құммен ойнау.</p> <p>Мақсаты: құммен ойнауға жағдай жасау, балалардың қызығушылығын арттыру.</p>	<p>қаздарды қуа жөнеледі, ұстаған қаздарды ініне апарады. Ойын 4-5 рет қайталанады.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-тендікті, вестибуляр аппаратын дамыту.</p> <p>Құралдар: кегльдер.</p>	<p>турлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнған қонызды, көбелекті алыш, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады.</p> <p>Ойынды бірнеше рет қайталауға болады.</p> <p>Еңбек әрекеті: алаңды терек бүршігінен тазарту.</p> <p>Мақсаты: балаларды алаңда тазалықты және тәртіпті сақтауға, қоғам мұддесіне жұмыс істеуге баулу.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды құрастыру ойынына қажеттілерді</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>(муляждары).</p> <p>"Қандай гүл екенін ойлап тап?"</p> <p>дидактикалық ойны.</p> <p>Балаларды сипаттама бойынша гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту.</p> <p>Балалардың еркін ойны.</p> <p>Өздерінің еріктегі бойынша ойын түрлерін тандау. Ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың құммен еркін ойындары.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды құмнан қағып тазалау, қорапқа жинау.</p> <p>Мақсаты:</p>			жинастыруға; ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.
--	---	--	--	---

		ұқыптылыққа, тазалыққа, енбексүйгіштікке тәрбиелеу.			
Серуенниен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстаяу, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Асты-шашпай төкпей іш,</p> <p>Сораптамай баппен іш.</p> <p>Келген асты алдына</p> <p>Тауысып іш қалдырма.</p> <p>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Құндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Төсектегі жаттығулар. Үйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. <p>Төсектен тұрғызу.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту.</p> <p>Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдалап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қапшыққа» салып, кез келген затты таңдалап алғып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол затты сипаттайды.</p>	<p>"Мысық пен тышқандар" ойны.</p> <p>Ойын азғана балалар тобымен бөлмеде (кілем үстінде) немесе далада, жұмсақ шөпті алаңда, өткізіледі.</p> <p>Қырынан қойылған гимнастикалық тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдалап алғынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады.</p> <p>Тәрбиеші былай дейді:</p> <p>Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады</p>	<p>"Киіз басу" рөлдік ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машиқтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: киізге үқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.</p> <p>Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Өзінде жұп тап"</p>	<p>"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Балалардың рөл тандаудағы талпыныстарын күптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Біз естіміз-жасаймыз" ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: мәтін бойынша естіген сөздерді,</p>	<p>"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту.</p> <p>Тәрбиеші балалардың ортасына "сиқырлы қапшық" әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдалап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қапшыққа» салып, кез келген затты таңдалап алғып, қолын «сиқырлы қапшықтан» шығармаған бойы сол затты сипаттайды.</p>

	<p>Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру)</p> <p>"Жидек тереміз" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне мышықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту.</p> <p>Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері.</p> <p>Ойын аула жағдайында үйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ</p>	<p>Ұйықтағансып көзін қысып.</p> <p>Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды.</p> <p>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:</p> <p>Тынышталындар, тышқандар, бекерге шулап күлмендер.</p> <p>Ұйқыға жатқан мысықты оятып алғып жүрмендер, - дейді.</p> <p>Бұл – мысыққа берілген сигнал; ол орындықтан түседі, төрт аяқтан тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып "мияу" дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды үстай бастайды.</p>	<p>ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне итермestен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыш ойыншықтарымен ойнау.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>қимылмен көрсетуге мышықтандыру; ой-қиялды, пантомималық қабілеттерді қалыптастыру.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру)</p> <p>"Аурұхана"сюжетті -рөлдік ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады.</p> <p>(коршаган ортамен тәнистыру)</p>	<p>Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады.</p> <p>Алғашқыда мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балалады, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады.</p> <p>(дene шынықтыру)</p> <p>"Кемпірқосақ" ойыны. Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай тұс айтқанын айттып береді.</p> <p>(коршаган ортамен</p>		
--	--	--	--	--

		тәнистыру)			
Балалармен жеке жұмыс	<p>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлелеп окуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>"Гүлдер".</p> <p>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер.</p> <p>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,</p> <p>Жайнар кезім келді - деп</p> <p>Қанатарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға.</p> <p>Т. Молдағалиев.</p> <p>(көркем әдебиет)</p>	<p>"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс)</p> <p>Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту.</p> <p>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшени қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен ұқсастығын сұрау.</p> <p>Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.</p> <p>Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текшешаршы, доп-ұлken, текше - кішкентай.</p> <p>Ойынды қынданатта отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы:</p>	<p>"Пішіні бойынша танда" (топпен жұмыс)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атаяу.</p> <p>(математика негіздері)</p>	<p>Көркем әдебиет шығармаларын оқу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген үмтүлістарын қалыптастыру.</p> <p>Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.</p> <p>(көркем әдебиет)</p>	<p>"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.</p> <p>Суреттер бойынша сұрақтар қою, балалардың сұрақтарға толық жауап беруін қадағалау.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>

		бір тұсті екі машина, бірақ әртүрлі дөңгелектері, дене пішіні және т. б.. (қоршаған ортамен тәнистыру)		
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
Серуен	Тұскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени- гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Кешкі ас	Тағамның атаяын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертеғілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамактар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен тәнистыру)			
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)	"Бағдаршам - біздің көмекшіміз" атты ата-аналарға кеңес беру.	"Сыпайылық ережелері" тақырыбында жаднамалар.	"Өз-өзіне қызмет көрсетуді үйрету" туралы кеңес.	"Жазғы шынықтыру" тақырыбында жаднама. "Жазғы қызықтар" суреттер көрмесі.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова